

## Жер теліміне қауымдық сервитут белгілеу туралы

Павлодар облысы Екібастұз қалалық әкімдігінің 2019 жылғы 15 тамыздағы № 836/8 қаулысы. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 19 тамызда № 6505 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексінің 18-бабына, 69-бабының 4-тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабы 1-тармағының 10) тармақшасына сәйкес, Екібастұз қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес жер теліміне қауымдық сервитут белгіленсін.
2. Осы қаулының орындалуын бақылау Екібастұз қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.
3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Екібастұз қаласының әкімі*

*Н. Ашимбетов*

Екібастұз қаласы әкімдігінің  
2019 жылғы "15" тамыздағы  
№ 836/8 қаулысына  
қосымша

Р/с №	Пайдаланушы	Алаңы, гектар	Нысаналы мақсаты	Пайдалану мерзімі, (жыл)	Жер телімінің орналасқан жері
1	2	3	4	5	6
1	"Қазақтелеком" акционерлік қоғамы	7,08	"Екібастұз-Ерейментау" - Шықылдақ ауылы ТОБЖ Муфта 17" талшықты-оптикалық байланыс желілерін орнату және пайдалану үшін	2	Екібастұз қаласы